Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 31 шілде №4712-23-00-2/1854 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Мұнайлы аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Саламатов» басшысы Саламатов Ғани Терекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Мұнайлы аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны жауапкер жеке кәсіпкер «Саламатов» басшысы Саламатов Ғани Терекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы–қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Саламатов» басшысы Саламатов Ғани Терекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Саламатов» басшысы Саламатов Ғани Терекұлынан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 03.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 18.09.2023, судья Борашева А. А., 20.09.2023

4712-23-3-1/1918